



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№19 (1404)  
3 маусым  
2011 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

## «ҚазҰУ ТҮЛЕГІНІҢ КҮНІ» АТАЛЫП ӨТТІ

27 мамырда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келді. Министр ҚазҰУ қалашығында ашылған механика-математика факультетінің жаңа оқу ғимаратымен және университетте атқарылып жатқан инновациялық жобалармен танысты.

### Ғылым, білім және инновация университеттің басты бағыты болу керек

Б.Т.Жұмағұлов университеттің оқытушы-профессорлар құрамы және студенттерімен арнайы кездесті. Механика-математика факультеті жаңа ғимаратының ашылуымен құттықтап, бұл жаңа ордада жаңа ғылыми жаңалықтар мен ғылыми жұмыстар дүниеге келуін тіледі.

- Мұндай оқу ғимараттарының бой көтеруі, университеттің дамуы, жаңа мақсаттардың барлығы Елбасының тапсырмасымен ғылымды, білімді дамытуға жасалынып жатқан игі шаралар деп білемін. «Ғылым туралы» жаңа заң қабылданғалы да біршама тың жұмыстар атқарылып жатыр. Алда бұл салада тағы бір заң әзірленуде. Елбасы Жолдауында айтылғандай, Қазақстанда екі жоғары оқу орны ұлттық зерттеу университетіне айналу керек. Ол үшін талап та, міндет те, жауапкершілік те жоғары. Ұлттық зерттеу университеті дегеніміз – ғылым, білім, инновация қатар жүргізілетін орда. Бұл тұста әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де, басқа да жоғары оқу орындары Елбасы тапсырмасын атқаруға барынша тырысып жатыр. Ал білім ордаларының ішінен суырылып алға шығу үшін, ұлттық зерттеу университетіне айналу үшін көптеген жоғары көрсеткіштер үдесінен шығу керек, - деді Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорларымен кездесуі барысында.

(Жалғасы 2-бетте)



28 мамырда студенттік кампус – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығында «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегінің күні» аталып өтті. Бұл мереке ҚазҰУ түлектер қауымдастығының шешімімен және ҚазҰУ Ғылыми кеңесінің қолдауымен жүзеге асып отыр. Келешекте бұл арнаулы дата жыл сайын дәстүрлі түрде мамыр айының соңғы сенбісінде аталып өтілетін болады.

Бұл күні ҚазҰУ қалашығында университеттің әр жылғы түлектері бас қосты. Олар студенттік шақтың қызықты сәттерін еске алып, өткен шақ туралы сыр бөлісті.

«ҚазҰУ түлегінің күні» қалашықтағы әл-Фараби және Ө.А.Жолдасбеков ескерткіштеріне гүл шоқтарын қоюдан басталды. ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов бастаған бұл топтың қатарында

ҚР Парламент мәжілісінің депутаттары, Кенжеғали Сағадиев, Камал Бұрханов және Алматы қаласының прокуроры Әмірхан Естаев секілді белгілі тұлғалар, мен бірнеше зиялы қауым өкілі бар.

Гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «ҚазҰУ түлегінің күні» салтанатты түрде ашылды.

(Жалғасы 3-бетте)

РЕКТОРАТ

### Качественный учебный план – первый шаг к трансформации университета – ректор КазНУ, академик Г.Мутанов

30 мая на очередном заседании ректората членами Ученого совета университета был рассмотрен ряд вопросов, основным из которых был анализ готовности рабочих учебных планов (РУП) для реализации модульных образовательных программ на основе компетентностного подхода.

В своем выступлении проректор по учебной работе Гульнар Балакаева ознакомила членов совета с ситуацией по готовности РУП, отметив, что в настоящее время она составляет 96%, а наличие готовых спецификаций к новому учебному году – 70%.

(Продолжение на 2 стр.)

СОТРУДНИЧЕСТВО

### На обучение и стажировку – в лучший Университет Гаваны

Многие помнят те времена, когда в казахстанских вузах обучались сотни студентов с Кубы. Сегодня большинство кубинских выпускников казахстанских вузов занимают на Кубе важные управленческие места.

В ближайшей перспективе эта традиция – направлять на обучение кубинских студентов в КазНУ – может быть возрождена. А казахстанские студенты в свою очередь смогут учиться, проходить стажировку, практику в самом престижном вузе Кубы – Университете Гаваны.

Вопросы реализации совместных гуманитарно-образовательных проектов обсуждались 1 июня на встрече ректора Казахского национального университета им. аль-Фараби, академика Галыма Мутанова с Чрезвычайным и Полномочным Послом Республики Куба в РК г-ном Абелардо Ернандесом Феррера, а также Консулом Посольства г-жой Нерис Гарсией Мериньос.

(Продолжение на 2 стр.)



# Ғылым, білім және инновация университеттің басты бағыты болу керек

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, министр Бақытжан Тұрсынұлы алда ұлттық зертеу университеті мәртебесіне лайықталған оқу орындары бюджетіне үкімет тарапынан қосымша 2 миллиард теңге қаржы бөлінетіндігін айтты. Отандық университеттер алдында ең үздік екі ұлттық зерттеу университетіне айналу міндетімен қоса, ҚР Білім және ғылым министрі отандық жоғары білім беру кеңістігінде 10 университетті инновациялық жолмен жүретін білім ордаларына айналдыру міндеті тұрғандығын да тілге тиек етті. Министрдің бұл баяндамасы отандық білім және ғылым кеңістігінің ғалымдарына әлемдік дамыған көшбасшы университеттер қатарынан орын алуда қандай мақсатты орындау керектігін тағы бір айқындап бергендей.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамымен кездесуі барысында ұстаз мәртебесін арттыру, педагогикалық мамандарды дайындау мәселелеріне де кеңінен тоқталып өтті. Еліміздегі педагогикалық кадрлар дайындайтын білім ордаларының санын қысқартып, олардың ең негізгілерін, нағыз үздіктерін ғана қалдыру қажеттігін жеткізді.

Ұстаз беделін арттыру үшін бұл мамандықта оқитын студенттердің шәкіртақысын басқа мамандық білімгерлерімен салыстырғанда екі есеге арттыруды және осы мамандықты таңдап жүрген талапкерлерді



арнайы талаптардан, сынақтардың өткізуді қолға алу керек дейді ол. Ұстаздарға білім мен ғылымды дамыта отырып тәрбие жұмыстарын да назардан тыс қалдырмай, басты назарда ұстауды міндеттеді. «Ұстаз, мұғалімдерді үш сатылы дәрежеде қарау дұрыс» деген шешім айтты. Онда бірінші дәрежелі ұстаз жалақысына жалақысынан бөлек жүз пайыз үстемақы, екінші дәрежелі ұстазға жетпіс, ал үшінші дәрежелі ұстазға отыз пайыз үстемақы қосу ойларымен бөлісті.

Ұстаз – тұлғаның ата-анасынан кейінгі орында тұрған тәрбиешісі. Ұстаз – бала

тәрбиесінде, оқушы, студент тәрбиесінде аса маңыздылыққа ие маман. Ендеше, ҚР Білім және ғылым министр оқытушы-профессорларға, мұғалімдерге қойып отырған талабы да, жүктеген міндеті де ұлт әлеуетін арттырып, бәсекеге қабілетті маман дайындауға аса қажетті талаптар екендігі даусыз.

Министрмен кездесу барысында ҚазҰУ-дың факультет декандары, институт директорлары сөз алып, алдағы мақсат-міндеттерді атқаруға сақдай сай екендіктерін жеткізді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келген сапары барысында Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов жоғары технологияның көпфункционалды мүмкіндігімен танысып, жобаға оң бағасын берді. Сонымен қатар, жобаны бірігіп жүзеге асыру барысында «Jiyung+2 International CO., Ltd» компаниясымен келісімшартқа қол қойылды. Көпфункционалды электронды тақта өз кезегінде оқу үдерісі материалдарының сапасын арттырып, 30%-ға дейін үлкейтіп көрсетіп, уақыт үнемділігін қамтамасыз етеді.

Бұдан өзге, PhD докторларын даярлау және университетті заманауи ғылыми-зерттеу техникаларымен жабдықтау үшін Германияның «PHYWE» компаниясымен әріптестік келісімге қол қойылды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## Качественный учебный план – первый шаг к трансформации университета – ректор КазНУ, академик Г.Мутанов

(Начало на 1 стр.)

Г.Балакаева назвала ряд недостатков по содержанию модулей, определению компетенций, напомнила о необходимости организовать на английском языке обучения минимум две образовательные программы магистратуры и докторантуры на каждом факультете, 4 модуля в бакалавриате по каждой специальности. Проректор довела до сведения членов заседания информацию о необходимости завершить эту работу до 11 июня.

По мнению ректора университета, академика Гальмы Мутанова, учебные планы – это стратегический документ, который формирует компетенцию будущего конкурентоспособного специалиста. Необходимо разрабатывать их на основе учебных планов ведущих университетов мира, чтобы они были сопоставимы с ними и тогда мы добьемся продвижения, как минимум в двух направлениях – академической мобильности и получении двойных дипломов. «Качественный учебный план – это наша «дорожная карта», это первый шаг к трансформации университета в исследовательский вуз», – подчеркнул ректор.

Кроме того, на заседании ректората был представлен проект Положения о диссертационном совете КазНУ. В частности, было сообщено об открытии 7 диссертационных советов по защите докторских диссертаций, представлено на утверждение членов Ученого совета положение об аттестации диссоветов, проект состава диссоветов.

Заведующая кафедрой арабистики Гульнар Надилова ознакомила членов заседания с деятельностью кафедры в контексте трансформации КазНУ в исследовательский университет.

Первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев в своем выступлении сделал акцент на необходимости поднятия рейтинга университета. По его словам, за последний год рейтинг КазНУ поднялся на 109 позиций. Проректор озвучил меры, которые будут способствовать укреплению позиций и продвижению университета в мировое образовательное пространство: это укрупнение кафедр, работа в сфере академической узнаваемости, разработка механизмов для привлечения на длительный срок иностранных профессоров, разработка учебных программ, совместных с программами Европейских университетов, активное сотрудничество с работодателями и многое другое.

Кроме того, в рамках заседания прошло чествование баскетбольной команды университета. Ректор поздравил мужскую сборную по баскетболу КазНУ, которая заняла первое место в VI Универсиаде.

Ирина ПИЛЬГУК

## На обучение и стажировку – в лучший Университет Гаваны

(Начало на 1 стр.)

В рамках встречи стороны обсудили вопросы сотрудничества в области образования и науки, а также возможности реализации совместных научно-исследовательских, гуманитарно-образовательных проектов.

Посол Кубы подчеркнул, что КазНУ им. аль-Фараби является «двигателем науки в Казахстане и для Кубы очень важно наладить партнерство с таким научно-образовательным центром». Он напомнил о том, что в казахстанских вузах училось очень много кубинских студентов, и выразил намерение развивать сотрудничество в данном направлении. «Хотелось, чтобы эта практика возобновилась, и новые студенты из Кубы познакомились с Казахстаном, как с независимой страной, а те, кто получил здесь высшее образование раньше, могли учиться в ма-

гистратуре», - сказал он. В свою очередь студенты и преподаватели из КазНУ могли бы проходить обучение, стажировку или практику в самом престижном вузе Кубы - Университете Гаваны, заверил Посол.

Ректор КазНУ Г.Мутанов высказался в поддержку предложенных инициатив, направленных на укрепление сотрудничества и реализацию совместных проектов. Он сообщил господину Послу, что перед университетом Главой государства поставлена глобальная задача – трансформация вуза в исследовательский университет. «Для достижения этой цели мы будем использовать самые лучшие образовательные модели и сотрудничество с одним из известных в мире вузов – Университетом Гаваны, открывает для нас новые горизонты, как в плане обмена студентами и преподавателям, так и в реализации научно-исследовательских проектов», - подчеркнул Г.Мутанов.

Ректор КазНУ также сообщил послу о том, что в настоящее время в университете обучается более тысячи иностранных студентов. В вузе год за годом увеличивается количество студентов, изучающих испанский язык, литературу и культуру кубинского народа. «Мы намерены увеличить число зарубежных студентов, и будем рады приезду студентов из Кубы», - сказал он.

На встрече с Послом Кубы Г.Мутанов озвучил намерение сделать официальное приглашение ректору Университета Гаваны посетить с визитом КазНУ им. аль-Фараби.

В рамках визита руководители дипломатической миссии Кубы в Казахстане посетили музей университета, а также встретились со студентами и преподавателями факультета международных отношений.

Ирина ПИЛЬГУК

### ТҰСАУКЕСЕР

## «Социализм – күнә және кінә туралы роман» кітабы жарық көрді

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР ҰҒА академигі, филос.ғ.д., профессор Ғарифолла Есімнің «Социализм – күнә және кінә туралы роман» атты кітабының тұсаукесері болды. Тұсаукесерге ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Әділ Ахметов, Сәрсенбай Еңсегенов және факультет ұжымы қатысты.

Белгілі философ, жазушы Ғарифолла Есімнің ұзақ жылдарғы ой-толғаныс, ізденісінен туған «Социализм» атты романы философиялық проза дәстүрінде жазылған. Социализм туралы теориялық мәселелермен автордың өмірбаяндық сюжеттері үйлесімді шешім таба отырып, кінә мен күнә туралы хикаялар баяндалған. Социализм утопия емес, миллиондардың өмірі мен тағдыры болғаны туралы баяндайтын естелік-хикаялар оқырманға ерекше әсер қалдыратын әрі ойландыратын, мағыналары терең көркем шығармалар.

Кітаптың екінші бөліміндегі «Жақсы адам және тағдыр» деген топтамасында философиялық мазмұндағы «Таңсұлу», «Баба жұрт», «Адам Ата мен Хауа Ана хикаялары», «Тұтқын және бозбала», «Демалыс күні», «Ананың көз жасы», «Кешке дейін де құмыр бар», «Тұқым», «Шайтанның күлкісі»,

«Ене мен келін», «Немере», «Жар жағасы» атты новеллалары берілген. Аталған шығармалардың тілі құнарлы әрі мағыналы, бұл автордың көркемдік ерекше қолтаңбасы. Кітап елдің өткен тарихындағы социализм дәуіріне деген авторлық көзқарасты танытады.

Кітаптың мақсаты туралы автор Ғарифолла Есім алғысөзінде: «Бүгінде ойланып отырсам, өмір бойы осы романды жазумен келеді екенмін. Не жазсам да, не айтсам да бәрі социализмге қатысты болып шығыпты. Басқадай болмақ та емес. Туып, өскен, өнген ортам – социализм. Социализм менің – тағдырым. Саналы өмірімнің дені осы романды жазуға кеткеніне негіз бар. Социализм болған оқиға. Ол сонысымен құнды», - деп атап көрсеткен.

Еңлік АҚЖІПТ

### КОНФЕРЕНЦИЯ

## Кедендік Одақ басты назарда

Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономика және бизнес жоғары мектебінің әкімшілік қолдауымен және Студенттік Ғылыми қоғамының ұйымдастыруымен «Кедендік Одақтың артықшылықтары мен кемшіліктері» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелде экономика және бизнес жоғары мектебі деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Ә.Бимендиева факультет басшылығының құттықтауын жеткізіп, алғысөз сөйледі.

Одан кейін факультеттегі Студенттік Ғылыми қоғамының төрағасы О.А.Жүсіпов кіріспе сөз сөйлеп, кедендік одақ туралы қысқаша баяндап өтті. Ол алқалы жиынның мақсаты бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселені студенттер мен оқытушылардың біріге талдап, Кедендік Одақтың тиімді немесе тиімсіз жақтарын қарастыру, болашақ экономист ретінде объективті ойлау және оны жеткізу болып табылатынын айтты. Жиынға келген студенттердің біразы Кедендік Одақтың артықшылықтарына тоқталып, экономикалық басымдықтарына көп назар аударды. Статистикалық көрсеткіштерге сүйене келе: «Кедендік Одақ елімізге тиімді болып келеді» деген қорытынды жасады.

Ал бұл тұста студент Ж.Жолдасқалиев

Кедендік Одақтың саяси жақтарына мән беріп: «Еуро Одақтың қаупін кешу ықтималдылығы бар» деген түйін жасады. Студенттер осылайша алуан пікірлер білдірген соң, оқытушыларға сөз берілді. Есеп және аудит кафедрасының аға оқытушысы, практик, кеден туралы бірнеше оқулықтың авторы А.К.Бейсембаева Кедендік Одақтың пайдалы және зиянды жақтарына тоқталып, тиімді жақтары көп деген тұжырымға келді. Ал қаржы кафедрасының аға оқытушысы Р.Досжан Кедендік одақ еліміздің экономикасына жаңа серпіліс әкелетінін, сол арқылы отандық экономиканың дамуына себепші болатынын айтты. Осы арада студенттер мен оқытушылар арасында өте қызықты ойлар айтылып, дискуссияға ұласты. Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты Л.Ә.Бимендиева қорытынды сөз сөйледі. Лейла Әбдірашқызы Кедендік Одақ ашатын мүмкіндіктердің өте көптігін және елімізде сол арқылы экспортталатын тауармен қызмет етудің көлемін ұлғайту әлеуеті жоғары екендігіне тоқталып, бұл одақ бәсекелестікті арттыратынын айтты.

Олжас ЖҮСІПОВ,  
Экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс студенті

# «ҚАЗҰУ ТҮЛЕГІНІҢ КҮНІ» АТАЛЫП ӨТТІ

(Басы 1-бетте)

ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы арнаулы мерекенің ашылу салтанатында:

- Қоғамда кәсіби мерекелер жетерлік. Солардың қатарына бүгін тағы бір мереке қосылып отыр. Ол – «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлегінің күні». Әлемдік университеттер тәжірибесіне үңілетін болсақ, жоғары оқу орындарының дамуына үлкен үлес қосатын бірден-бір қозғаушы күш – сол университеттің түлектері екен. Бұл мереке университет күнтізбесінде, қара шаңырақ тарихында алтын әріптермен жазылатыны сөзсіз. Мереке университет түлектеріне деген үлкен ықыласты танытады. Біз жақсы дәстүрді бастап отырмыз, ол алдағы жылдары да жалғасын табады, - деп шараның маңызын кеңірек ашып берді. Сонымен қатар еліміздің киелі білім және ғылым ордасының басшысы университет түлектеріне қашанда қара шаңырақтың есігі ашық екендігін айтып, оларды төл университеттеріне жиі келіп тұруға шақырды.

Одан кейін сахнаға көтерілген ҚазҰУ түлектері қауымдастығының мүшесі, заң ғылымдарының докторы, ҚазҰУ заң факультетінің 1979 жылғы түлегі, заң факультетінің деканы Дәулет Лайықұлы ҚазҰУ түлектер қауымдастығының атқарған қызметтері туралы баяндама жасады. Онда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті түлектерінің «туған үйлеріне» өз деңгейінде қолдау



көрсетіп келе жатқандығы барынша ашып көрсетілді. Жатақханаларды жабдықтау, жөндеуден өткізу, техникалық қамтамасыз ету және тағы да басқа жұмыстарда көмек қолын созған барлық түлектердің есімдері толық аталды деуге болады. Оның ішінде қалашықтағы Ө.А.Жолдасбеков ескерткішінің бой көтеруі осы түлектер қолдауының ең зор ілтипаты екендігін айта кету керек.

Бұдан кейін университеттің әр жылғы түлектері өз естеліктері мен қара

шаңыраққа деген жылы лебіздерімен бөлісті. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Сағадиев Кенжағали: «ҚазҰУ бізге халыққа адал қызмет етуді үйретті. Университеттен алған тәрбие ой-санамызды бекітті. Мансапқа, қызметке жетуіме ашылған жол – ҚазҰУ білімімен келді. Бұл мереке арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасуда. Бұл өте орынды мереке», - дей келе әлі күнге дейін қызығы мен шыжығы мол студенттік шақ және ұстаздар ұлағаты есінде екендігін жеткізді. Сөз соңында

халық қалаулысы өз төл университетіне арнайы алып келген сыйлығын айтып, мерекеге бос келмегендігін білдірді.

- Менің университетке деген алғысым шексіз. Осы орайда «ҚазҰУ түлегі күніне» арнайы сыйлығымды ала келдім. Мен он жыл қатарынан университеттің ең озат студенттеріне өз атымнан тағайындалған 5 стипендия ұсынамын», - деді депутат Кенжағали Сағадиев.

Аға буын алғыстарынан кейін білім, спорт, шығармашылық, қоғамдық және ғылыми жұмыстарда өздерін жан-жақты көрсете білген студенттер «Университеттің оқу озаты», «Студенттік өзін-өзі басқарудың көшбасшысы», «Зерттеуші – жас ғалым», «Үздік спортшы-түлек» дипломдарымен марапатталды.

Шара барысында университетті биыл тамамдағалы отырған студенттер сөз алып, жастық жалынымен көмкерілген жылдарын қимайтындықтарын жеткізді. Салтанатты жиын соңы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрінің концертіне ұласты.

**PS** Салтанаты жиын аяқталған соң түлектер білім алған факультеттеріне барып, онда арнайы кездесу ұйымдастырды. Кешке «ҚазҰУ түлегінің күні» түлектер балымен қорытындыланды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

1 ИЮНЯ – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ ЗАЩИТЫ ДЕТЕЙ ■

## Праздник детства

Сегодня нам кажется, что День защиты детей мы отмечаем всегда: в первый день лета, когда начинаются школьные каникулы все дети - желанные гости в парках, на аттракционах, в театрах. А первый Международный день защиты детей был проведен всего лишь в 1950 году. Организация Объединенных Наций поддержала эту инициативу и объявила защиту прав, жизни и здоровья детей одним из приоритетных направлений своей деятельности. Конечно, в Казахстане эта дата лишена политической окраски – 1 июня мы не защищаем права детей, а пытаемся создать им праздничное настроение.

День защиты детей в КазНУ им. аль-Фараби начался с открытия выставки рисунков «Моя Родина - Казахстан», подготовленной профсоюзом «Парасат» работников КазНУ. С начала мая по всему университету были развешаны объявления, что в профкоме собирают детские рисунки. Отбор шел с учетом возраста: первая группа – с 3-х до 6-ти лет, вторая с 7-ми до 10-ти и третья – с 11-ти до 15-ти. В течение месяца лучшие работы отбирались по подразделениям университета, чтобы в первый день лета украсить фойе ректората. Тема конкурса была выбрана не случайно – ведь в нынешнем 2011 году мы отмечаем двадцатилетие независимости РК и целью конкурса было развитие в детях не только творческих способностей, но и патриотизма, любви к своей Родине.

Большая работа была проведена профорганами подразделений. Т.К.Мекебаев, председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ особенно отметил работу Ш.Б.Байганатовой (физфак), Э.А.Бейсетбаевой (военная кафедра), Н.Т.Какишевой (филфак). Эти подразделения

не только предоставили самое большое количество рисунков, но и провели предварительный отбор.

В рамках заявленной темы фантазия ребят не знала границ. Пейзажи, натюрморты, портреты и просто жанровые картинки - так разнообразно дети видят свою Родину. Нелегко пришлось жюри, в которое вошли члены профкома

Г.Ж.Биялова, К.К.Сыбанбай, А.А.Бакиева, А.К.Ахмедова. Среди рисунков были и почти профессиональные работы, как, например, у Глеба Когай (филфак) или у Фатимы Ертасовой (подготовительный факультет для иностранных граждан), Полины Зайцевой (ВШЭиБ), а были и трогательные первые опыты малышей 3-4 лет, когда жюри приходилось напрягать всю свою фантазию, чтобы догадаться, что же юный художник хотел изобразить. Не забыли дети и место работы родителей, так на рисунке Асана Кумарханова КазНУ очень органично окружен государственными символами. Призовые места решено было не присуждать – настолько много было интересных и ярких ра-



бот, поэтому поощрительные призы получили все участники.

На кафедре физвоспитания смогли померяться силами юные шахматисты. Традиционная шахматная олимпиада, посвященная Дню защиты детей, проводится в КазНУ одиннадцатый раз. Главный судья

олимпиады А.Носков считает, что дети, которые играют в шахматы сегодня будут лучше подготовлены ко взрослой жизни. В соревнованиях приняли участие, как начинающие шахматисты, так и дети, которые занимаются в шахматных секциях, принимают участие в городских и республиканских соревнованиях. Здесь победители были определены в трех возрастных группах – самым младшим было 10 лет, самым старшим – 14. Победителями в своих группах стали София Манторова (биофак), Айбек Рузыбаев (истфак), Бексултан Ануаров (ректорат). Призеры получили грамоты профсоюза «Парасат» и шахматную литературу, проигравших утешили сладкими призами.

Профсоюз «Парасат» сделал все, чтобы день 1-го июня стал для наших детей настоящим праздником.

О.П.ЛОЖНИКОВА,  
заместитель председателя  
профсоюза  
«Парасат» работников  
КазНУ





# ҚазҰУ студенттері шағын футболдан 1-орын иеленді

**СПОРТ** Жақында ҚазҰУ құрама футболшылары Тәуелсіздіктің 20 жылдығына және Алматы қалалық «Парасат» кәсіподағының құрылғанына арналған жастар арасындағы ІІ спартакиададан 1-орынды иеленді. «Бұл ҚазҰУ студенттері үшін зор мақтаным», - дейді «Сұңқар» Студенттер кәсіподағының төрайымы А. М. Қарақожаева.



мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғаудың ұзақ жылдар бойы белсенді еңбегі үшін «Сұңқар» Студенттер кәсіподағы арнайы Құрмет грамотасымен марапаттады.

Ертеңгі ел болашақ іргесін қалайтын қара шаңырағымыздың студенттері Орта Азияның ғана емес, әлемге әйгілі тұлғаларды, спортшыларымызды тәрбиелеудегі маңызы зор міндеттер көп болғай.

**Алия ҚАРАҚОЖАЕВА,**  
**«Сұңқар» Студенттер кәсіподағының төрайымы**

ТӘРБИЕ

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Спартак» стадионында өткен спорт жарысына Алматы қаласындағы ЖОО-дан 6 команда қатысты. ҚазҰУ футболшылары ҚазҰТУ-мен ойнап, финалға шығып 3:1 есебімен жеңіске шықты.

ҚазҰУ бапкері Қалмаханбет Несіпханға және үздік ойын көрсеткен қазулық футболшылар Есқал Дүйсенбеков, Мақсат Масгутов, Абылай Нұрходжаев, Нұрбол Төлегенов (география факультеті), Наурыз Тұрашов, Дінмұхаммед Медешов, Нұржан Жұмабайұлы (философия және саясаттану факультеті) Алматы қалалық «Парасат» кәсіподағының төрағасы Д.Жанатаевтан арнайы Кубок пен медаль, диплом және теледидарды сыйға алды.

Сонымен қатар Алматы қалалық «Парасат» кәсіподағының Атқару комитеті кәсіподақ

## Педагог ең алдымен мәдениетті болу керек

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Ал сол ұрпақтың зиялы қауымға айналуы тікелей ұстазға байланысты. Елімізде болып жатқан жасампаздық бетбұрыс жалпы білім беру жүйесіне де игі әсерін тигізіп, білім мазмұнын, оқыту әдістемесін жетілдіріп, бүкіл білім беру жүйесін қайта құруға себеп болуда. Педагогикалық жаңаша ойлау, тың ізденістерге жол ашылды.



Ғылым, білімге қояр талап артып, оқу жүйесі күрделенген шақта жаңа қоғам оқытушысына жүктелер жүк те еселене түсетіндігі аян. Ұстаз қауымы алдында жай білім беру ғана емес, сонымен қатар өркениет көшіне жол бастайтын әрі ұлттық рухта сусындаған білімді, дарынды азаматтар тәрбиелеп шығару міндеті тұр. Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің физика факультетінде «Жас оқытушының педагогикалық мәдениеті» тақырыбында өткен кураторлық сағат осы міндетті ұқтырғандай болды. Ашық сабақ болашақ педагогтардың мәдениетін қалыптастыру мақсатында тұтас әрі ауқымды қарастырылды. Педагогикалық мәдениет дегеніміз не және оның жалпы мәдениет ұғымынан айырмашылығы неде деген сұрақтар Гүлмира Амантай дайындаған презентациямен айқын ашылды.

Кураторлық сағаттың жоғары дәрежеде өтуіне тақырып төңірегінде, яғни оқытушының сырт бейнесі мен өзін-өзі ұстау мәдениетіне байланысты түсірілген



бейне-көріністер ерекше әсер етті. Мұнда студентке ұялы телефонға жауап беруге тыйым салған оқытушының, сол өзі қойған талапты өзі бұзуы, әрі қарай оқытушының өзінің сабаққа кешігіп келуі, ал кешігіп келген студентті сабаққа қатыстырмауы, сонымен қатар оқытушының студентпен бірге есік алдында шылым шегуі сияқты университет қабырғасында орын олқылықтар сынға алынып, үзінділер көрсетілді. Міне, осы бейне көріністердегі оқытушының іс-әрекеті педагогикалық мәдениетке сай келе ме деген сұрақтар төңірегінде пікірталас басталды.

Топ старостасы Диана Джумабаева: «Ұстаз педагогикалық тәктіні, педагогикалық әдепті, стильді, моральді және шеберлікті бойына сақтау керек. Сонда ғана ұстаз жеткіншек ұрпаққа жақсы білім де, тәрбие де бере алады», деп қорытындылады. Кураторлық сағат: «Ақылды адам ерінбейді, білімді адам сүрінбейді» дегендей адам баласының ең басты құндылығы – өмір, ал өмірдің мәні ақылмен, мәдениетпен және игі істермен бағаланады деген ұғым қалыптастырды. Мәдениетті әрі ақылды адам өмірде көп нәрсеге қол жеткізеді. Өйткені оның бойында жігер-талап, қайрат-өнер және болашаққа деген жарқын сенімі мол, ой-өрісі кең, рухы биік, адамгершілігі жоғары болады. Адами құндылықтарды әр жеткіншектің бойына қалыптастыратын Ұстаз. Сондықтан әрбір оқытушы педагогикалық мәдениетті ұстанып, жас ұрпаққа үлгі, тәрбие мен білім нәрін сіңіртуі қажет. Тек сондай жағдайда ғана елімізді алға жетелейтін жастарды тәрбиелейміз.

**Ф.Б. БЕЛИСАРОВА,**  
**ҚазҰУ-дың физика факультеті теориялық физика кафедрасының доценті, ф.-м.ғ.к.**

Жер жаннаты Жетісу өңірінде 1951 жылы 27 мамыр күні дүниеге келгенде ата-анасының қуанышы қойнына сыймай атын Сұлтан деп қойған екен. Сонда әкесі Төлеухан мен анасы Сақыпжамалдың ойы мен тілектері осы бала өсіп, дамып, ер жетіп, жолдастарының алды болып, елінің құрметіне бөленіп, жігіттің сұлтаны болсын деген армандары болуы керек. Сол тілектері орындалғандай. Оның дәлелі қазіргі таңдағы Сұлтанның қоғамдағы алатын орны, жолдастарының, туыстарының, факультет, университет ұжымының ішінде абырой-атағы мен беделінің жоғары екендігі. Оған бәріміз куәміз.



## Ұлағаты мол ғалым

Сұлтан 1968 жылы Алматы облысындағы Кеңес Одағының батыры М. Сеңгірбаев атындағы мектепті өте жақсы бітіріп шығады да, С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) Қазақ мемлекеттік университетінің биология факультетіне келіп оқуға түседі. Осы оқу орнын 1973 жылы үздік дипломмен бітіріп ғылымға бетбұрыс жасайды. Ғылым жолын С.М.Киров атындағы ҚазМУ қабырғасында қаланған биофизика кафедрасында стажер-зерттеушіліктен, ал 1975 жылы аспирантураға түсіп, б.ғ.д., профессор В.М.Иношиннің жетекшілігімен жұмысын бастайды. 1981 жылы биология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын қорғайды. 1997 жылы биология ғылымдарының докторы деген атаққа ие болады.

Ал ұстаздық өміріне көз жіберсек, 1982 жылдан аға оқытушы қызметінен бастап профессорлық лауазымы аралығында қаншама жастарға білім, тәрбие беріп келеді. Сұлтан Төлеуханұлының осы жасқа дейінгі басқа да атқарған жұмыстарының өзі бір төбе. Сол жағына шолу жасасақ. Ол еңбек жолын 1989 жылы биология факультеті деканының орынбасарлығынан бастады, 1992 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры қызметін, одан кейін университет жанындағы Биология және биотехнология мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директорылығын 2000 жылға дейін атқарады. 2002-2010 жылдары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы ҚР Жоғары оқу орындары оқытушыларының білімін көтеру институтының директоры, ал 1999 жылдан осы уақытқа дейін адам және жануарлар физиологиясы мен биофизика кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді.

С.Төлеуханов физиология және биофизика саласында ғылыми зерттеу жобаларына басшылық ете отырып, гипоксия, гипокнезия, гипер және микрогравитация жағдайларына адам мен жануарлардың бейімделуі, адам мен жануарлардың биоактивті нүктелері мен қимыл-қозғалысының биодинамикасын, биологиялық жүйенің уақытқа сай ұйымдастырушы мәселелерінен ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелерге жетті. Осы ғылыми зерттеу еңбектерінің нәтижесі тәжірибе жүзінде іске асуда. Бұл еңбектер оқу үрдісіне енгізіліп, студенттерге дәріс оқылуда. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жарыққа шықты. Осы аталған мәселелерді зерттеу нәтижесі бойынша 6 монография жарыққа шығып, 11 патент пен авторлық куәлік берілді. Студенттерге арнап 6 оқулық, 11 оқу-құралы, 11 оқу-әдістемелік құрал мен нұсқаулар жазуы оның ұстаздық жолында жасалынған еңбегінің жемісі.

Оның басшылық етуімен 15 шәкіртінің

ғылыми дәрежеге ие болуын Сұлтан еңбегінің ең маңызды да, ауқымды нәтижесі деп айтуға болады. Оның ішінде үш доктор (PhD) Египет, Қытай елдерінен келген жастар.

Осы еңбектерінің нәтижесі университет, Республика деңгейінде бағаланып Сұлтан Төлеуханұлы «Қазақстан Конституциясының 10 жылдығы» белгісімен, «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үздік оқытушысы» белгісімен, «ҚР жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» медалімен, екі мәрте Қазақстан Республикасының Ғылыми мен техникасының дамуына ғалымдардың қосқан үлесі үшін берілетін мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері деген атақтармен, 2009 жылы Қазақстан Республикасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Одан басқа да Республика, университет деңгейінде қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жоғары биіктерден көрініп келеді. Оның дәлелі ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жанындағы биология ғылымы сараптау комиссиясының мүшесі, ҚР Білім және ғылым министрлігіндегі ғылыми дәреже және атақ беру бақылау комитеті Президиумының мүшесі, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жанындағы жоғары ғылыми техникалық кеңестің сараптаушысы, Жоғары оқу орындарын бақылау және аттестациялау Комиссиясының төрағасы, Республика деңгейінде шығатын бірнеше ғылыми журналдар редколлегиясының мүшесі. Оның ғылыми еңбектерінің нәтижесі халықаралық деңгейлерде өтетін симпозиумдар мен конференцияларда баяндалып дүниежүзіне танылды. Оған куә, осы уақытқа дейін көптеген елдердің (Ресей, Египет, Пәкістан Германия, Канада, Эквадор, АҚШ, Испания, Англия) ғалымдарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз байланыстар жалғасып келеді.

Осындай абырой мен құрметті атақтарға Сұлтан Төлеуханұлы өзінің еңбекқорлығымен, жан-жақты ізденімпаздығымен, инабаттылығымен, парасаттылығымен жетті. Өмірде, отбасында, жұмысында, барлық уақытта кішіпейіл, абыройы жоғары, келбеті мен сымбатына қарап жігіттің Сұлтаны деп айтуға толық құқығымыз бар.

60 жасыңыз құтты болсын, барлық уақытта жоғары биіктерден көріне беріңіз. Отбасыңызға денсаулық, абырой-атағыңыз өсе берсін деп тілейміз.

**Н.ТОРМАНОВ,**  
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология факультеті адам және жануарлар физиологиясы мен биофизикасы кафедрасының профессоры**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Еңлік АҚЖІПТ  
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

### МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №10367

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.